

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.03.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АКМАГАМБЕТОВА Б.Е., САРСЕКЕ Г.Ә., ШАХИН И.	Сұхбат дискурсындағы коммуникативті стратегия мен тактика: қолданыс ерекшеліктері	7
БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., СЕРДАЛИНА С.К.	Ділдік лексикон және қостілділік	22
DOSZHAN Z.A., YERSULTANOVA G.T., KNASSANOVA M.T.	Lexicalising myth and cultural memory: a comparative study of kazakh and english mythologemes	31
ЕСКЕЕВА М.Қ., РАЙНБЕКОВА Г.С.	Түркі халықтарының тұрмыстық лексикасы: тарихи және мәдени аспектілері	40
ЖЫЛКЫБАЕВА М.С., САПАРБАЙҚЫЗЫ Ш., СПАТАЕВА С.Т.	Қытай және басқа да шығыс дереккөздеріндегі көне түркі қала атауларында кездесетін -кент/-кет формантының тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері	48
ИСКАКОВА Г.Ж., ТЛЕУБЕРДИНА Г.Т., ТАҢСЫҚБАЙ Ә.Қ.	Көркем мәтінді комикс форматына бейімдеудің лингвистикалық негіздері: отандық әдебиетке шолу	57
МАНАПБАЕВА Ж.Ж., АЛПЫСБАЕВА А.Е., ЖУСУПОВА А.У.	Аударма сапасын бағалау тәжірибесі	67
ОСПАНОВА Ф.А., БАЛХИМБЕКОВА П.Ж.	Бизнес терминологиясындағы кірме сөздердің ерекшеліктері	79
SAKYEVA G.O., IBRAIMOVA L.A.	The importance of lexical classification of film discourses in creating a multimedia corpus (based on the film “Alty jasar Alpamys” (“Six-year-old Alpamys”))	90

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДУЛЛИНА А.Б., СҰЛТАҒАЛИЕВА О.Қ., СЕЙСЕМБАЕВА Ж.А.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез поэтикасы мен символикасы	98
ALIYEV Y.N., TOIBAZAR A.M., TURDALI T.	The historical figure and the epic hero in kazakh epic poetry (based on the epic of Edige)	108
АЛИМКАНОВА Г.Б., ЖҮСІПОВ Н.Қ.	Ғалым Едіге Тұрсыновтың түркі халықтары фольклоры туралы тұжырымдары	121
ӘЛТАЙ А.Д., ЖӘЛЕЛОВА М.С., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ауыл концептісі және ұлттық болмыс	130
БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Ж. Бектұров шығармаларындағы азаттық сарын	140
YERZHANOVA F.M., IBRAEVA ZH.B., MUKANOVA ZH. R.	Reinterpreting the fairy tale: modern trends in kazakhstani children’s literature	151

GALYMZHANOVA Z.T., BAYTANASOVA K.M., KALIYEV A.K.	The narrative structure in S. Seifullin's novel «A hard road, a perilous journey»	162
ИБРАГИМОВА Д.Қ., АСЫЛБЕКҰЛЫ С., ТОҚШЫЛЫҚОВА Г.Б.	Жазушы Сайын Мұратбековтің сыншылық қыры	171
ИХСАН Д.М.	Түркістан мерзімді баспасөзінде ұлттық фольклордың жариялануы мен зерттелуі	181
КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.М., ЖУСАНБАЕВА С.Б.	Метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері (А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде)	192
МАКАТОВА А.А., ӘБСАДЫҚ А.А.	«Абай», «Сана», «Таң» журналдарындағы қазақ фольклор материалдары	202
МҰСТОЯПОВА А.Т., ИБРАИМОВА Ж.Ж., ЖАМАНОВА Ж.Ж.	Джордж Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал поэтикасы	211
НҰРБАЕВА А.Н., ТӨЛЕБАЕВА Қ., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Прецеденттік құбылыстардың көркем мәтіндегі қолданысы (Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары негізінде)	222
НҰРБАНОВА А.Қ.	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары	235
СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б., ҚҰРМАНБАЙ А.П., ОБАЕВА Г.С.	Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесі: архетип және сана трансформациясы	245
СЕЙПУТАНОВА А.Қ., НУРЛАНОВА А.Н.	Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресіндегі» қазақ рулары туралы мәліметтердің тарихи негізі	257
ХАМИДОВА А.Х., КАНАФИНА М.А., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Женский иронический детектив как форма социокультурного комментария (на материале романа Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника»)	267

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

КАЙЫРБАЕВА Ж.К., РАХМЕТОВА Р.С.	Оқушылардың сөзсаптамын тілдесім әрекеті негізінде дамытудың педагогика-психологиялық аспектісі	275
KOILYBAYEVA R.K., KUSMANOVA K.A.	Formation of family values in children on the basis of family discourse	388
МАЖИЕВА Н.А., БАЛТАБАЕВА Н.С., А.БЕРКЕНОВА Р.	ЖОО-да қазақ эпостарды жобалық әдістеме арқылы оқыту	299
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., РАМАЗАНОВА Г.Х.,	Қазақ тілін оқытуда корпусстық тәсілдердің лексикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпалы	309
ТЕЛГОЖАЕВА Қ.С., ОДАНОВА С.А., ЖАЙЛАУБАЕВА М.Қ.	Ұлттық-мәдени код негізіндегі виртуалды жиі жүйесі: тіл үйренушілердің икемді дағды күзіреттілігін қалыптастыру	334
ТОҒЫЗБАЙ Н.Б., ЕРСУЛТАНОВА Г.С., ЖУМАХАНОВА Н.Н.	ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі өнімді сөйлеу әрекеттерінің ерекшеліктері	346

*А.Т. МҰСТОЯПОВА¹Ж.Ж. ИБРАИМОВА²Ж.Ж. ЖАМАНОВА³

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды,
Қазақстан

(e-mail: mustoypova2017@gmail.com¹, flowervictory85@gmail.com²,
zhanara.76_76@mail.ru³)

ДЖОРДЖ ОРУЭЛДІҢ «1984» РОМАНЫНДАҒЫ ПСЕВДОКАРНАВАЛ ПОЭТИКАСЫ

Аңдатпа. Бұл мақаланың мақсаты – Джордж Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал поэтикасын зерттеу. Жанр категорияларын анықтаудың жаңа тәсілдері мен қазіргі әдістемелік құралдардың пайда болуы әдебиеттану зерттеулеріне жаңа мүмкіндіктер әкелді. Мақала авторлары жанрды тұрақты өзгеріске ұшырайтын жүйе ретінде қарастырады, ол әдебиеттің дамуымен үздіксіз түрленіп қана қоймай, сонымен қатар жаңа жанрлық формалардың қалыптасуына немесе олардың пайда болуына ықпал етеді. Қазіргі әдебиетте антиутопия жанры балама тарих, киберпанк және басқа да іргелес жанрлардың негізіне айналууда. Бұл антиутопия жанрын зерттеуді маңызды етеді, өйткені оның жанрлық ерекшеліктері көптеген заманауи шығармаларда кездеседі. Әдебиеттерге қысқаша шолу британ жазушысының «1984» романының жанрлық ерекшелігі қаншалықты зерттелгенін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мақалада Дж.Оруэлдің «1984» романын псевдокарнавал белгілері тұрғысынан талдауға талпыныс жасалады. Псевдокарнавал карнавалға қарама-қарсы құбылыс ретінде қарастырылады. Романдағы псевдокарнавал поэтикасы М.Бахтиннің карнавал концепциясы мен әдебиеттің карнавалдандырылуы туралы тезисіне сүйене отырылып талданады. Зерттеліп отырған антиутопиялық романның поэтикасы карнавал поэтикасына қарама-қарсы принципте құрылған. Мақалада карнавал мен псевдокарнавал поэтикалары салыстырмалы талдау негізінде қарастырылады.

Түйін сөздер: антиутопия, карнавал, псевдокарнавал, жанр, карнавал мәдениеті, дүниетаным.

Кіріспе. Қазіргі жанр зерттеулері оның табиғатын қайта қарауды ұсынып, тарихи қалыптасқан тұрақты белгілер мен қатаң классификациялардан бас тартуға шақырады. Оның орнына жанр икемді, көп өлшемді жүйе ретінде қарастырылады. Э.Харт: «Әдебиетті поэзия, роман, драма; лирика, романтика, трагедия түрлеріне бөлу – бұрын сыншылар үшін айқын болып көрінгенімен, қазір олай емес», - деп жазады [1, 1265]. Ғалымның пікірінше, дәстүрлі жанр теориясы не оны жай сипаттаумен шектелді, не қатаң шектеулер қойды. Мұндай тәсіл күрделі мәтіндік үйлесімдерді түсіндіре алмады. Э.Харттың ойынша, жанрды дискурс тұрғысынан талдау мәтіндердің өзара байланысын және олардың мәдени құбылыстармен қарым-қатынасын анықтауға мүмкіндік береді. Ол былай дейді: «Жанр әлі де әдеби сыншыларға көркем шығармаларды мәдениетпен байланыстыруға көмектеседі,

бірақ енді бұл міндет формалистік немесе идеалистік емес, материалистік негізде шешілуі мүмкін» [1, 1266]. Джордж Оруэлдің «1984» [2] антиутопиялық романын псевдокарнавал поэтикасы тұрғысынан талдау оның жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді, әсіресе ол карнавалдық мәдениет белгілері бар мәтіндерге қарсы пікірталас пен оппозицияда көрінеді.

Әдебиеттанушылардың «1984» романына ғылыми қызығушылығы үдеген емес. Олар шығарманың әртүрлі қырларын, мәселен, романдағы тоталитарлық мемлекет бейнесін, романға тарихи оқиғалардың әсерін, образдар мен құбылыстардың символизмін, қазіргі мемлекеттермен байланысын, шығарма тілінің тарихи ерекшеліктерін, сондай-ақ үгіт-насихат пен қоғамды бақылау механизмдерін және басқа да көптеген аспектілерді зерттейді.

Әрине, қазіргі зерттеушілер британ жазушысының романының жанрын назардан тыс қалдырмайды. Олар антиутопияның типологиялық белгілерін (П.Вилер), антиутопия жанрының өзгеруін (Б.Кларк) және оның қазіргі дамуын (П.Вармингтон) зерттейді. Сондай-ақ, Дж.М.Моррис пен А.Л.Кростың «антиутопия» немесе «дистопия» терминдерін қарастырған еңбектерін атап өткен жөн. Зерттеушілер «дистопия» терминінің негізінде грек тіліндегі *dus* түбірі жатқанын, оның «жаман», «қиын», «теріс» деген мағыналарды білдіретінін, түбірі *toros* (орын, жер) сөзімен бірігіп, «жаман орын», «қорқынышты қоғам» деген мағына беретінін атап өтеді. «Антиутопия» термині «утопия» сөзінен туындаған, ал бұл сөз өз кезегінде грек тіліндегі *ou* (жоқ) және *toros* (жер) сөздерінен құралған, яғни тура мағынасында «жоқ жер», «болмайтын орын» дегенді білдіреді. Алайда бұл анықтама көбінесе «жақсы жер» ретінде түсіндіріледі. Әдебиетте «антиутопия» термині қол жетпейтін идеалды қоғам ретінде көрінетін, алайда іс жүзінде қорқынышты, дистопиялық қоғамды сипаттау үшін қолданылады [3]. Бұл тұжырымда антиутопияны жақсы жағынан көрінуге тырысатын, бірақ шын мәнінде олай көрінбейтін белгілі бір жер немесе қоғамдық құрылым ретінде қарастыру маңызды екені айтылады, яғни автор сол жердің немесе қоғамның шынайы табиғатын ашып, оның дұрыс еместігін, яғни қателігін көрсетеді.

Б.Кларк «1984» романының жанрлық ерекшеліктері мен оның сыншыл бағыты «әдеби және саяси контекстке» байланысты болғанын атап өтіп, бұл контексті «бұған дейінгі утопиялар орнатқан жалпы ережелермен, сондай-ақ Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі идеологиялық қақтығыстармен» түсіндіреді [4, 226]. Зерттеуші Дж.Оруэлл өз шығармасында заманауи идеологиялық мәселелер мен тоталитарлық тәжірибелерді қолданды деп есептейді. Бұл жазушыға «антиутопиялық баяндаудың негізін қалап, билік пен мемлекеттің табиғаты туралы ой толғауға» мүмкіндік берді [4, 230].

А.Абдельбаки мен П.Макманус өз еңбектерінде антиутопияны шағын жанр ретінде қарастырса, Е.М.Маркус оны толық қалыптасқан, дербес жанр деп есептейді. Оның пайда болуын капитализмнің әлеуметтік құрылым ретіндегі дамуы мен ондағы қайшылықтарымен байланыстырады [5, 637]. Қазіргі көзқарас бойынша, антиутопия жанрлық категория ретінде өзгермелі және қосымша белгілер мен функциялар арқылы өзін кеңейте алады. С.Изомаа, Ю.Корпуа және Ю.Тейттинен бұл туралы былай деп жазады: «Бұл антиэссенциалистік көзқарас, бір жағынан, теориялық тұрғыдан мықты, екіншіден, кросс-мәдени талдау үшін ыңғайлы, әсіресе уақыт өте келе, бұл жанрлардың өзгеруіне және әртүрлі мәдениеттерге бейімделуіне мүмкіндік береді...» [6, 12]. Зерттеушілер антиутопия жанрының өзгермелілігін оның әртүрлі формаларға ене алатындығымен түсіндіреді, мысалы: «антиутопиялық фильмдер, телесериалдар, цифрлық ойындар мен графикалық романдар. Антиутопиялық фантастика да анықтамасы бойынша антиутопияға жатпайтын басқа баламалы оқиғалар мен готика, қорқынышты әңгімелер, апаттар мен солардан аман қалғандар туралы фантастика сияқты жанрлармен араласып, әрбір ортада жаңа салаларға ене алды». Нәтижесінде, бүгінгі таңда антиутопиялық белгілер өнер, әдебиет және жалпы мәдени өндіріс саласында дерлік кездеседі» [6, 14]. Біз үшін кері процесс те аса маңызды болып көрінеді, яғни антиутопия мәдени құбылыстарды өзіне сіңіріп, мәдени дәстүрді өзінше бейімдейді. Отандық зерттеушілер де Дж.Оруэлдің «1984» романына

назар аударады, алайда бұл туындының жанрлық табиғатына қатысты мәселелер олардың ғылыми қызығушылық аясынан тыс қалып отыр. Б. Қызырбекқызы романның өзектілігін атап өтіп, шығармадағы оқиғалар мен қазіргі әлемде жүріп жатқан үдерістер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындайды [7]. Ал З.Б.Баймусина мен Д.С.Розиева Дж.Оруэлдің «1984» романы мен В.Сорокиннің «Опричниктің күні» романдарын салыстыра отырып, тоталитарлық мемлекеттегі қоғамды басқару құралы ретіндегі жаңатілді талдауға баса назар аударады [8].

Осылайша, «1984» романына, соның ішінде оның жанрлық табиғатына арналған зерттеулердің көптігіне қарамастан, жанр категориясының икемділігі мен жаңа сыни тәсілдер бұл шығарманы басқа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, оны мәдени феномен ретінде карнавалға қарама-қарсы, оның «оппоненті» болып табылатын псевдокарнавалдың типологиялық белгілерін бейнелеу тұрғысынан талдауға болады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы зерттеу М.Бахтиннің карнавал тұжырымдамасына негізделеді, оның мәні әдеби шығармаларда карнавал және карнавал мәдениеті феномені ой елегінен қайта өткізіліп, түрленуінде. Бұл әдіс карнавалдандырылу деп аталады. М.Бахтин еуропалық романды дамытқан үш негізгі: эпикалық, риторикалық және карнавалдық бағытты анықтайды. Сонымен қатар ғалым олардың арасында өтпелі формалардың бар екенін атап өтеді [9]. Антиутопия романының жанрын сөз еткенде, Бахтиннің «карнавалдық түбірі» өзінше қайта ойластырылған деп айтуға болады, бұл талдау нысанын – псевдокарнавал поэтикасын және оны зерттеу әдісін айқындайды.

Типологиялық талдау Дж.Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал белгілерін, олардың көрінісі мен маңызын анықтауға мүмкіндік берді, осылайша зерттеліп отырған шығарманың поэтикасының ерекшелігін айқындауға ықпал етті. Компаративистік талдау Бахтин карнавалының типологиялық белгілерімен салыстыру арқылы псевдокарнавалдың сипаттарын анықтау әдістемесін қамтамасыз етті.

Контекстуалды талдау шығарманы мәдени феномен, яғни карнавал парадигмасы тұрғысынан зерттеуге және интерпретациялауға негіз болды. Мақала авторлары мәдениет пен әдебиеттің көпқырлы байланыстарын тұтас қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелі тәсілді қолданды.

Талқылау мен бақылау. «Псевдокарнавал» ұғымын қолдана отырып, біз Бахтиннің карнавалдандыру тұжырымдамасына сүйенеміз. Айта кетер жайт, М. Бахтиннің карнавал идеясы әдебиеттанудағы зерттеулерге әсер етіп қана қоймай, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда да дамыды. Қазір психотерапияны карнавал түрінде түсіндіретін тұжырымдамалар жасалып жатыр [10], ал заманауи медиа жаһандану дәуірінде медиакарнавал ретінде қарастырылады [11].

М. Бахтиннің пікірінше, карнавалдандыру әдеби-жанрлық дәстүрге айналып, бастапқы қайнар көзі – карнавалдан ажырағанымен, көркем әдебиетте карнавалдық элементтердің сақталуын білдіреді. Ғалым бұл дәстүрдің көріністерін Рабле мен Достоевский романдарынан табады. Бахтиннің карнавал тұжырымдамасынан туындаған псевдокарнавал антиутопиялық әлемді бейнелеудің маңызды көркемдік құралы болып табылады, және бұл мәтіннің әртүрлі деңгейлерінде байқалады. Б.А.Ланин мен М.М.Боришанская сияқты зерттеушілер А.Зиновьевтің шығармашылығындағы псевдокарнавал поэтикасы мен мениппейлік дәстүрлерді талдаса [12], А.Т.Лamina псевдокарнавал концепциясы арқылы антиутопия мен орыс киберпанкындағы қорқыныш табиғатын айқындайды [13].

М.Бахтин ерекше карнавалдық дүниетанымға назар аударады. Ол қорқыныштан арылтатын, табиғаттың жаңаруын және қоғамның дағдарыс пен тыйымдардан босауын білдіретін құбылыс ретінде сипатталады. Карнавал ресми салмақтылық пен догматизмге қарсы тұрып, тоқырау, дағдарыс, барлық иерархиялық қатынастар мен артықшылықтардың абсолюттенуіне жол бермейді. Карнавалдың маңызды функциясы – норманың, өмірдің әдеттегі ағымының және заңның уақытша бұзылуы. Карнавал қалыптасқан нормалар мен әлеуметтік қатынастарға, қоғамдағы барлық жағымсыз, дағдарыстық және халықтың тіршілік қуатын тежейтін құбылыстарды әшкерелейтін пародияға айналады. Ол өзіне тән

ритуалдарды, тілді, карнавалдық формалар мен символдарды қалыптастырады. Айта кету керек, карнавал қатысушылары үшін оның уақытша құбылыс екені айқын: мереке кезінде нормалар бұзылғанымен, карнавал аяқталған соң, олар қайта қалпына келеді.

Псевдокарнавалда біз бәрі керісінше екенін көреміз. Ол карнавалдың толық қарама-қарсы құбылысына айналады, кері әсер тудырады. Егер карнавал нормаларды уақытша бұзып, әлеуметтік қатынастарды мазақ етсе, псевдокарнавал керісінше, карнавал бұзған немесе азайтқан нәрселерді абсолюттік және жалпыға міндетті етіп бекітеді. Псевдокарнавалда қалыптасқан тәртіптен ешқандай уақытша да, тұрақты да ауытқуларға жол берілмейді. Ол карнавалдың өміршең, шығармашылық күшін бұзып, оның позитивті негізін жоққа шығарады. Карнавал болуға тиістілер (ойын, өзін ақиқат пен шындық ретінде көрсету әрекеттері) антиутопиялық шындыққа айналады. Бұл шындықтың өзі қалыпты жүйеде норманың бұзылуына, қателікке, ауытқуға әкеліп, дұрыс емес құбылыс ретінде көрініс табады.

М.Бахтиннің пікірінше, карнавал қалыптасқан көзқарастардан, нормалар мен әдеттерден арылуға көмектеседі. Ол әлемді басқаша көруге, бәрінің салыстырмалы екенін түсінуге және өзгерістердің заңды құбылыс екенін, сондай-ақ басқа әлемдік тәртіптің мүмкін екенін ұғынуға мүмкіндік береді. Ал псевдокарнавал, керісінше, үстем көзқарасты қолдап, кез келген баламаны жоққа шығарады. Ол толық сенім мен мойынсұнуды талап етіп, әлемге билік нұсқағандай қараудан басқа мүмкіндік бермейді.

М.Бахтиннің айтуынша, күнделікті өмірде қорқынышты болып көрінетін нәрселер карнавалда «күлкілі қорқыныштарға» айналады. Осылайша, қорқыныш күлкі арқылы жеңіліп, халықтың қуаты мен күшін басып тастайтын нәрселер әжуаланады. Ал псевдокарнавалда, керісінше, қорқыныш күшейтіліп, асыра дәріптеліп, одан да үрейлі әрі жиіркенішті болып көрінеді. Гротесктің арқасында қазіргі әлемнің баламасыз екені туралы түсінік бұзылады. Бір жағынан, Дж.Оруэлл Океания әлемін гипербола арқылы суреттейді, екінші жағынан, осы әлемнің шектен шыққан көріністерін бейнелей отырып, оның қалыптан тыс және жол беруге болмайтын жүйе екенін көрсетеді. Антиутопияда гротеск өзіне тән комизмін жоғалтқан. Онда қорқынышты, үрейлі, қараңғы атмосфераны бейнелеу басты орын алады, бұл өз кезегінде әлемнің сұсты табиғаты мен оған деген үрейді айқын көрсетеді.

Карнавалдағы негізгі принцип – күлкі. М.Бахтиннің айтуынша, карнавалдың күлкілі бастамасы қорқыныш сезімін жойып, адам санасына, қоғам энергиясына және оның шығармашылық әлеуетіне еркіндік береді. Карнавалдағы күлкі – өмірді мадақтайтын күш, ол өлім алдындағы үрейді жеңуге көмектеседі және терапиялық рөл атқарады. Ал псевдокарнавалда басты қағида – қорқыныш. «1984» романының атмосферасы түгелдей үрей мен қорқынышқа қанық. Қорқыныш адамның еркін, әрекет ету қабілетін жоя алады. Айналасындағы әлемнің мәнсіздігі мен қоршаған ортаның қорлығын көре білу қабілеті, партияның қайшылыққа толы ұрандарына күмәндануы – Уинстонның ой еркіндігінің және басқа шындықты елестете алу қабілетінің көрінісі. Маңызды жайт, карнавалдағы күлкі сыртқа бағытталып, адамдарды біріктіреді, ал антиутопия әлеміндегі қорқыныш адамның ішкі дүниесіне еніп, оны тұйықтандырады және өзгелерден өзін оқшау ұстауға мәжбүрлейді.

Карнавал атмосферасында еркіндік, бостандық, тіпті анархия билік етіп, адамдар арасында еркін және *фамильярлық* қарым-қатынас байқалады. Карнавалдық мінез-құлық нормалары мен тіл шекараларды бұзып, иерархиялық қатынастарды жояды. Карнавал әлеуметтік шығармашылық пен революцияны имитациялап, негативті энергияны шығаруға және ашық сын айтуға мүмкіндік береді. Ал псевдокарнавалда, керісінше, еркіндік жоқ – мұнда мәжбүрлеу, баламалы ойды жою және толық бақылау орнайды, бұл күн тәртібінен бастап тілдік қарым-қатынас нормаларына дейін көрініс табады. Карнавал – жаңаруды әкелетін мереке. Псевдокарнавал – өзгермейтін, шығатын есігі жоқ түрме.

Карнавал жалпыхалықтық және әмбебаптық идеяларды көздегендіктен, ондағы кеңістік – бәрін біріктіретін алаңдар мен көшелер. Карнавал кеңістігі у-шуға, *ың-жың*

дауысқа толы. Антиутопияда псевдокарнавал әлеміндегі адамдар көбінесе бақылауға ыңғайлы жабық, тар, ауасы тар бөлмелерде көрсетілсе, көше мен сыртқы әлем қауіп-қатерге толы, дұшпандық орта ретінде көрініс табады. Антиутопиялық әлемнің кеңістігі әрдайым шектеулі, тұйық. Сонымен қатар антиутопиялық қоғамда адам жеке кеңістік құқығынан айрылады, ал оңаша қалу – жалған, иллюзиялық ұғымға айналады. Мемлекеттің толық бақылауындағы бөлмеде адам өзін еркін сезіне алмайды, рухани және физикалық ыңғайсыздықта өмір сүруге мәжбүр.

Карнавалдағы уақыт өмір және өлім циклі философиясымен тығыз байланысты. Карнавал табиғат пен қоғам өміріндегі дағдарыс кезеңдерінде өткізілген. Табиғаттағы өлім мен жаңарудың циклдері өлімді жаңа бастаманың басы ретінде қабылдауға негіз болды. Өйткені өлім жаңаруды әкеледі, ал өмір сөзсіз өлімге жетелейді. Сондықтан карнавал аяқталуды қабылдамайды және шексіз болашаққа бағытталған. М.Бахтиннің пікірінше, карнавалдық дүниетаным нақты бір қорытындыны мойындамайды, өйткені әрбір аяқталу – жаңа бастаманың бастауы [9]. Ғалым мысалға патшаны таққа отырғызу және тақтан құлату дәстүрін келтіреді, өйткені бұл процесс карнавалдық дүниетанымның мәнін – өзгерістер мен ауысулардың, өлім мен жаңарудың пафосын білдіреді. Әлемде, өмірде бәрі уақытша, бәрі өзгереді, сондықтан М.Бахтиннің айтуынша, карнавал – «бәрін жойып, бәрін жаңартатын уақыттың» мерекесіне айналады [9]. Ал псевдокарнавалда, керісінше, уақыт тоқырауға ұшырап, өмір уақыттың ағымын сездірмейтіндей. Бұған қоса, Партия қоғам құрылымында ештеңенің өзгермейтінін, ереже-заңдардың, иерархияның біржола бекітілгенін адамдардың саналарына құйып тастаған. Партия тек қазіргі уақытты ғана емес, өткенді де өз бақылауында ұстайды. Ф.Джеймисон: «Алайда «1984» романының ең басты есте қаларлық ерекшелігі – адамның өткенді жоғалту элегиялық сезімі мен жадына деген сенімсіздігі», -деп, антиутопиялық әлемдегі уақыттың маңыздылығына назар аударады [14, 200]. Бұл – күшті символ, өйткені өткеннен айрылу уақыттың үзілгенін білдіреді. Ал уақыт өзгерістер әкелуі тиіс, бірақ псевдокарнавал әлемінде бұл өзгерістерге ешқашан орын жоқ. Дж.Оруэлл романындағы псевдокарнавал – уақытша құбылыс емес, керісінше, мәңгілікке ұмтылып, қалыпты норманы біржола жоққа шығаратын жүйе. Антиутопияда уақыт тоқтап қалған. Айта кететін жайт, псевдокарнавалдың аномалиясына Уинстон қарсы тұрғанда ғана, уақыт қозғалып, қандай да бір мәнге ие болады. Уинстон бейнебір уақыт механизмін іске қосқандай, бірақ бұл ұзаққа созылмайды.

Карнавалдың маңызды қасиеттерінің бірі – ойын. Карнавалда бәрі «сияқты», «төңкерілген әлем», «керісінше өмір» («monde a l'envers») түрінде өтеді [9]. М.Бахтиннің пікірінше, карнавалда өмірдің өзі ойынға, ал ойын өмірге айналады. Карнавалда адамдар маска киіп, күнделікті өмір шеңберінен шығады, сонда ғана, Бахтиннің пікірінше, олардың шынайы болмысы мен өзара қарым-қатынасы ашылады. Осылайша, карнавалдағы ойын ерікті және ақиқатты ашуға бағытталады. Ал псевдокарнавалдағы ойын ережелері мәжбүрлі түрде қабылданады: адамдар маскаларын өз ойлары мен сезімдерін жасыру үшін тағуға мәжбүр. Ойын ережелерін бұзу ғайып болу қаупіне әкеледі. Бұған қоса, ол тек қатысуды емес, болған жағдайды шынайы қабылдап, оған сенуді талап етеді. Жай ғана формалды ойын жеткіліксіз – билік адамдардың ой-санасы мен жан-дүниесін бақылауға ұмтылады. Дж.Оруэлл романында псевдокарнавал шынайы өмірдің жалғыз мүмкін формасына айналған. Океания тұрғындары «ойнайды», өздерін басқа қырынан көрсетіп, аман қалу үшін мәжбүрлі түрде таңылған ережелерге бағынады: «...Бірақ бет әлпеті сол күйі, ештеңе аңғарылмады. Қорыққаныңды көрсетуге болмайды! Қарсылық танытуға болмайды! Көзіндегі ұшқынның өзі ұстап беруі мүмкін» [2, 42]. «...бет әлпетіңнен не ойлап отырғаныңды біліп қоюы әбден мүмкін...беттің тартуы, көздің ойнақшуы, өз өзіңнен күбірлеп сөйлеу сияқты титтей әрекеттің өзі сені ұстап беруі мүмкін» [2, 68]. Тіпті қарсылықтың өзі ойынды талап етеді: «Мейлі, таңның атысы мен күннің батысына дейін аңдысың, ең бастысы, ақылмен әрекет етіп, оны да алдап соғуға болады. Олар қанша айлакер болса да, адамның ойын оқи алмайды» [2, 171]. Псевдокарнавалдағы «ойын» қоғамдық және жеке өмірдің барлық салаларын қамтиды. Тіпті білім беру

жүйесінің өзі осы ойынға негізделген: «Ең жаманы, Із кесушілер сияқты ұйымдар бала біткенді кішкентайынан озбырлыққа үйретіп жатыр. Оның әндері, бұқаралық шерулері, байрақтары, туристік сапарлары, оқу тапаншасымен жасалатын саптағы жаттығулары, ұрандары, Көкеге табыну – бәрі олар үшін ерлікпен парапар. Озбырлар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, мемлекетті сатып кеткендермен, опасыздармен, іріткі салушылармен, ой қылмыскерлерімен жұмыла күреседі» [2, 29]. Ережелерді бұзу «ғайып болу» қаупін төндіреді: «Адамдар түннің ортасында өзінен-өзі жоғалып кетеді. Аты-жөнің барлық тізімнен өшіріліп, артында қалған қолтаңбаңды жоқ қылады, естеліктерің саналардан өшіп, біржола ұмыт боласың. Сөйтіп, ізім-қайым жоғаласың, олар мұны «ғайып болды» деп атайды» [2, 24]. Дж.Оруэллдің псевдокарнавалдық шындығында абсурдты рәсімдер мен күлкілі заңдар адамды күлдіруі керек еді. Алайда, керісінше, олар қорқынышты әрі үрейлі көрінеді, өйткені олардың шынайы табиғатын ашуға тырысу өлімге әкеледі. Мұнда ойын өмір мен өлім шекарасына тым жақындап кеткен, ал өліммен ойнау мүмкін емес.

Карнавалда кейіпкерге мұқтаждық жоқ, оның пайда болуына негіз де жоқ, өйткені бәрі қоғамға өз еркімен бірігіп, карнавал атмосферасына толық сіңеді. Онда ерлік танытудың, қарсылық көрсетудің, күресудің керегі жоқ, себебі карнавалдың өзі – символдық, ойын түріндегі қарсылықтың көрінісі. Ал псевдокарнавалда міндетті түрде бүлікшіл кейіпкер болады, ол қоғамға, қалыптасқан нормаларға, билікке қарсы тұрады. МакМанустың пікірінше, антиутопияның басты кейіпкерінің ішкі қайшылығы және оның жүйеге қарсылығы сюжеттің негізгі элементтері болып табылады. Себебі «антиутопиялық сюжет орнатылған тәртіп пен оған қарсы нәрсенің арасындағы қарама-қайшылыққа негізделеді» [15, 388]. А.Абдельбакидің пікірінше, антиутопияның маңызды белгісі – басты кейіпкердің жеке даралығы, оның қоғамның ұжымдық санасына қарсы тұруы. «Бас кейіпкерді айналасындағы қоғамнан өзгеше ететін нәрсе – оны өмірге басқаша қарауға итермелейтін жеке даралық сезімі... Осылайша, антиутопия қоғам жеке азаматтың даралығын жоққа шығарып, көпшіліктің даралығымен біріктескен кезде пайда болады» [16, 26]. Антиутопиядағы айқын даралық кейіпкердің өліміне әкелуі мүмкін, сондықтан адамдар өз әрекеттерін, қол қимылдарын, сөздерін мұқият бақылауды үйренеді.

Карнавал – бұл жан мен тәннің мерекесі, онда күлкі, мол дастарқан, у-шу, көңіл көтеру, сезімдердің тасуы мен әсерлі эмоциялар молынан көрініс табады. Карнавал аясындағы мінез-құлық нормаларының, дененің, қимылдардың ерекше еркіндігімен, әрекеттердің шектеусіздігімен, қарым-қатынастағы әлеуметтік иерархияны елеумен сипатталады. Мұның барлығы – күлкі мәдениетінің мұрасы. М.Бахтин карнавал барлық тыйымдар мен шектеулерді, әлеуметтік-иерархиялық теңсіздік пен адамдар арасындағы дистанцияны, сондай-ақ солармен байланысты құрмет пен этикет ережелерін жойғанын атап көрсетеді. Ғалым мұны карнавалдық дүниетанымның маңызды факторы деп есептейді. Ал псевдокарнавалда, керісінше, қатаң иерархия қалыптасып, ол жай ғана құрмет көрсетуді емес, Партия мүшелерінің алдында қорқыныш пен құлдық ұруды талап етеді. Қысым көрген адамдар тұйық, олар азық-түлікпен жеткілікті қамтамасыз етілмегендіктен және материалдық жағдайларының ауыр болғандықтарынан, әлсіреп, жүдеген. Үздіксіз бақылау мен қарым-қатынас жасаудың алдын ала белгіленген форматы еркек пен әйелдің арасындағы сезімді, физикалық тартымдылықты, сенімділік пен шынайылықты жояды.

Карнавалдың негізгі әрекеттерінің бірі – биліктің бейнесі ретінде карнавал патшасын ойын түрінде таққа отырғызу және біраз уақыттан кейін (өйткені бәрі уақытша, бәрі өзгереді) оны тақтан құлату. Ал псевдокарнавал әлемінің парадигмасында мұндай жағдайдың болуы мүмкін емес, өйткені биліктің ауысуы туралы ойдың өзі санада орын алмауы керек. Дж.Оруэллдің антиутопиясында Көке мен Партияның билігі мәңгілік болып көрінеді. Оның үстіне Көке ешқашан тікелей әрекет етпейді, өйткені ол көрінбейді, алыстан басқаратын құпия тұлға. Шын мәнінде оның бар-жоғы белгісіз, бірақ ең маңыздысы – ол әр адамның өмірінде, жанында, ой-санасында. Және сол сананың өзінде де ол ауыспайды, өзгермейді.

Карнавалдық мәдениет еркін, шектеусіз сөйлеу мәнерінде көрініс табады, оған қалжың, тұрпайы сөздер мен қарапайым халық тілі жатады. М.Бахтиннің айтуынша, мұндай еркіндік тек сөйлеуде ғана емес, ым-ишарада да байқалады. Карнавал тілі әлеуметтік нормалардан асып түсіп, адамның мәртебесі, жасы немесе мүлкіне қарамастан қолданылады, сондықтан күнделікті өмір логикасы тұрғысынан ерекше әрі орынсыз болып көрінеді [9]. Антиутопиядағы псевдокарнавалдық әлемде арнайы жасалған жасанды тіл – жаңатіл қолданылады. Ол адамның сөйлеу еркіндігін шектеп, ойлау қабілетін қарапайым деңгейге дейін төмендетеді. Бұл ресми атаулардың қысқартылуынан (миниправ, минимир, минилюб, минизо) айқын көрінеді. Сөздерді өзгерту мен мағыналарын бұрмалау ойды, тілді және жеке тұлғаның өзін-өзі білдіруін басып-жаншудың құралына айналады. Романның жаңатілге арналған қосымшасында былай делінген: «Жаңатілдің мақсаты – тілді Ағылсоцтың ізбасарларының дүниетанымын және рухани әуестігін білдіруге арналған қажетті құралға айналдыру ғана емес, сондай-ақ одан өзгеше ойлау әдісін мүлде жоққа шығару. Сол себепті кітапты басып шығару кезінде Партия мүшесіне қажетті деген түсініктерді мейлінше нақты, барынша аз сөзбен білдіру көзделген. Кез келген сөздің астарлы немесе ауыспалы мағынасымен қоса, оларды кездейсоқ, тіпті жанама жолмен «қолдану» мүмкіндігін де жоқ қылған» [2, 305]. Тіл рұқсат етілмеген ұғымдарды білдіретін сөздерден тазартылып отырған. Жаңатілде метафораларға, екіойлылыққа, астарлы мағынаға орын болмауы керек еді. Дж.Оруэлл тілдік «реформаның» түпкі мақсаты жаңа сөздер жасау емес, керісінше, бұрынғыларын жою екенін көрсетеді. Жаңатіл жасаушылардың бірі Сайм бұл туралы былай дейді: «Жаңатілдің басты мақсаты – адамзаттың ойлау диапазонын тарыту... Өстіп-өстіп ешкім ойша қылмыс жасай алмай қалады, өйткені оны жеткізетін сөз болмайды ғой» [2, 58]. Осылайша, карнавал тілі ойлау мен қиялды еркін етсе, псевдокарнавал тілі керісінше, оларды шектеп, еркін ойды тұншықтырудың құралына айналады.

Нәтижелер. Псевдокарнавал – бұл М.Бахтин сипаттаған жаңартушы, жасампаз карнавал емес, керісінше, оған қарама-қарсы: қараңғы, сұсты, үрей тудыратын құбылыс, әрі ол норманы уақытша емес, түбегейлі жоюға ұмтылады.

Егер карнавал әлемі күнделікті өмірге пародия ретінде құрылса, Дж.Оруэллдің антиутопиясында Океаниядағы өмір қалыпты тіршіліктің қорқынышты пародиясына айналады. Осылайша, карнавал мен норма романда өз орындарын ауыстырған.

М.Бахтиннің карнавалына қарама-қарсы Дж. Оруэлл жасаған псевдокарнавал – бұл мереке емес, қорқынышты күнделікті өмір; ол «болмыс, өзгеріс пен жаңаруды» емес, керісінше, мызғымас тұрақтылықты, өзгермеуді, алмастырылмауды және тоқырауды бейнелейді.

Дж.Оруэллдің шығармасында псевдокарнавал бұрынғы тәртіпті жоймайды, керісінше, жалғыз «ақиқатты» бекітіп, билікті нығайтып, қатаң иерархия құрып, түрлі нормалар мен тыйымдар енгізеді.

Романда ол ритуал, ұран, символдар мен тіл арқылы көрініс тауып, қалыпты өмірді күйретеді. Бұл құбылыстар күлкілі, қисынсыз, адамдарға жат көрінеді, бірақ Партия оларды, тіпті ақылға қонымсыз болса да, қабылдауға мәжбүрлейді. Псевдокарнавал шынайылықты басып алды және нағыз карнавалдан оның айырмашылығы – ешқашан аяқталмауында.

«1984» романында псевдокарнавал карнавал сияқты норманы уақытша бұзбайды, керісінше, оны толықтай жоққа шығарып, норманың орнын басады, өзін норманың жалғыз формасы ретінде жария етеді. Оған бұрынғы әлеуметтік қатынастарды, моральді, тарихты, тілді, ойлауды жоққа шығару тән.

Қорытынды. Дж.Оруэллдің «1984» романындағы псевдокарнавал феномені халықтық карнавалдың табиғаты мен мәнімен шартталған, олардың байланысы қарама-қарсы қатынастар арқылы көрінеді. М. Бахтиннің әдебиетті карнавалдандыру тұжырымдамасы антиутопия жанрының псевдокарнавалдық сипатын анықтауға мүмкіндік береді.

Псевдокарнавал мен карнавал арасындағы айырмашылық бинарлық оппозициялар арқылы көрініс табады: күлкі/қорқыныш атмосферасы, бостандық рухы бар/тәуелді орта,

ойын/мәжбүрлеу, ашық/тұйық кеңістік, болашаққа ұмтылған уақыт/тоқыраған қазіргі шақ, жойылатын/бекітілген иерархиялық қатынастар, ауыспалы/өзгермейтін билік, азат ететін/бағындыратын ойын, еркін/шектелген тіл, шығармашылық/шаблонға сүйенген ой.

Британдық жазушының романында псевдокарнавал поэтикасы жанрлық, құрылымдық, композициялық және мағыналық деңгейлерде көрініс табады. Ол атмосфера, әлемді қабылдау, уақыт пен кеңістік, күлкі мен қорқыныш концепциялары, иерархия, мінез-құлық нормалары, ойын мотиві және тіл арқылы бейнеленген.

Зерттеудің жаңалығы мен маңыздылығы псевдокарнавал тұжырымдамасын дамытуда және оны антиутопиялар мен әлеуметтік құбылыстарды талдаудың теориялық шеңбері ретінде көрсетуінде жатыр. Дж.Оруэлл иерархиялық қатынастардың сипатын, бинарлық оппозициялардың ерекшеліктерін және мінез-құлық нормаларын қалыптастыру механизмін анықтауға мүмкіндік беретін маркерлерді белгілеген. Роман талдауында қолданылған псевдокарнавал концепциясы биліктің орнату механизмдерін айқындауға ғана емес, шығарманың семантикасын терең түсінуге және оның ішкі логикасын біріктіруге де мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде антиутопия жанрының поэтикалық ерекшеліктерін жаңа қырынан пайымдауға жол ашады.

Әдебиеттер

1. Hart E. Embodied Literature: A Cognitive-Poststructuralist Approach to Genre // Rivkin J., Ryan M. Literary Theory: An Anthology. Third Edition. – John Wiley&Sons, 2017. – P. 1265-1283.
2. Оруэлл Д. 1984. – Алматы: Мазмұндама, 2021. – 328 б.
3. Morris J.M., Kross A.L., eds. The A to Z of Utopianism // The A to Z Guide Series, № 36. – Lanham, Toronto, Plymouth: The Scarecrow Press, 2009.
4. Clarke B. Orwell and the Evolution of Utopian Writing // The road from George Orwell: his achievement and legacy / Alberto Lázaro (ed.). – Bern; Berlin; Bruxelles; Frankfurt am Main; New York; Oxford; Wien: Lang, 2001. – P. 225-250.
5. Marques E.M. Survival by Promise: Dystopian Fiction as Denouncer of the Capitalocene // Gragoatá, Niterói. – 2021. – Vol. 26. – № 54. – P. 620-641. DOI: <https://doi.org/10.22409/gragoata.v26i55.47601>
6. New Perspectives on Dystopian Fiction in Literature and Other Media / Edited by Saija Isomaa, Jyrki Korpua and Jouni Teittinen. – Cambridge Scholars Publishing, 2020.
7. Baimussina Z.B., Roziyeva D.S. Newspeak as a Tool of Totalitarianism in the Works of 1984 by G. Orwell and Day of the Oprichnik by V. Sorokin. – Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Philological Sciences. – 2022. – № 4 (67). – P. 283-293. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.67.4.021>
8. Қызырбекқызы Б. Актуальность романа «1984» Джорджа Оруэлла в современном мире: Параллели и отличия. 31.03.2014 г. URL: <https://adebiportal.kz/ru/news/view/aktualnost-romana-1984-dzordza-oruella-v-sovremen-nom-mire-paralleli-i-otlicia> 25299
9. Бахтин М. Проблемы поэтики Достоевского. – М.: Эксмо, 1963. – 362 с.
10. Драбкина Т.С. Терапевтический карнавал. – Журнал практической психологии и психоанализа. – 2004. – №1. <https://psyjournal.ru/articles/terapevticheskiy-karnaval>
11. Иосиф Дзялошинский. Медиакарнавал в эпоху глобализации. – МедиаАльманах. – 2019. – № 3. – С. 18-28.
12. Ланин Б.А., Боришанская М.М. Русская антиутопия XX века. – М.: Онега, 1994. – 248 с.
13. Ламина А.Т. Псевдокарнавал в романе-антиутопии и произведениях русского киберпанка. – Мир науки, культуры, образования. – 2021. – № 1 (86). – С. 358-360.
14. Jameson F. Archaeologies of the Future. The Desire Called Utopia and Other Science Fictions. – London, New York: Verso, 2005. – 431 p.
15. McManus P. Dystopia and Class: The Strange Case of Dystopian Fiction // Routledge Companion to Literature and Class / Ed. Gloria McMillan. – New York: Routledge, 2021. – P. 381-395. URL: <https://cetapsrepository.letras.up.pt/id/cetaps/126924>
16. Abdelbaky A. A Perfect World or an Oppressive World: A Critical Study of Utopia and Dystopia as Subgenres of Science Fiction // International Journal of English Language, Literature and Humanities. – 2016. – Vol. IV. – Is. III. – P. 17-33.

А.Т. МУСТОЯПОВА, Ж.Ж. ИБРАИМОВА, Ж.Ж. ЖАМАНОВА

Карагандинский национальный исследовательский университет им. академика Е.А. Букетова,
Караганда, Казахстан

ПОЭТИКА ПСЕВДОКАРНАВАЛА РОМАНА ДЖОРДЖА ОРУЭЛЛА «1984»

Аннотация. Целью данной статьи является исследование поэтики псевдокарнавала романа Джорджа Оруэлла «1984». Появление новых подходов к определению категории жанра и современных методологических инструментов способствует новым перспективам в литературоведческих исследованиях. Авторы статьи исходят от определения жанра как подвижной конструкции, которая не только постоянно трансформируется под воздействием развития литературы, но и порождает или способствует формированию новых жанровых форм. В современной литературе жанр антиутопии служит появлению смежных жанров, таких как альтернативная история, киберпанк и др. Это обстоятельство актуализирует исследования жанра антиутопии как базовой формы для современных художественных повествований, в которых присутствуют жанровые черты антиутопии. Краткий обзор литературы позволяет определить степень исследованности жанровой природы романа «1984». В предлагаемой статье делается попытка проанализировать роман Дж.Оруэлла «1984» с точки зрения присутствия в нем черт псевдокарнавала, который определяется как феномен, противоположный карнавалу. Анализ поэтики псевдокарнавала романа основан на концепции карнавала М.Бахтина и его тезисе о карнавализации литературы. Поэтика анализируемого романа-антиутопии построена на противопоставлении поэтики карнавала. В статье осуществлен сопоставительный анализ поэтик карнавала и псевдокарнавала.

Ключевые слова: антиутопия, карнавал, псевдокарнавал, жанр, карнавальная культура, мироощущение.

A.T. MUSTOYAPOVA, ZH.ZH. IBRAIMOVA, ZH.ZH. ZHAMANOVA

Academician E.A. Buketov Karagandy University, Karagandy, Kazakhstan

THE POETICS OF THE PSEUDO-CARNIVAL OF GEORGE ORWELL'S NOVEL "1984"

Annotation. The purpose of this article is to explore the poetics of the pseudo-carnival of George Orwell's novel "1984". The emergence of new approaches to the definition of genre categories and modern methodological tools contributes to new perspectives in literary studies. The authors of the article proceed from the definition of genre as a movable structure that is not only constantly transformed under the influence of the development of literature, but also generates or contributes to the formation of new genre forms. In modern literature, the genre of dystopia serves as the emergence of related genres such as alternative history, cyberpunk, etc. This circumstance actualizes the research of the dystopian genre as a basic form for modern artistic narratives, which contain genre features of dystopia. A brief review of the literature allows us to determine the degree of investigation of the genre nature of the novel by the British writer "1984". The proposed article attempts to analyze the novel by G.Orwell's "1984" from the point of view of the presence in it of the features of a pseudo-carnival, which is defined as a phenomenon opposite to carnival. The analysis of the poetics of the pseudo-carnival of the novel is based on the concept of carnival by M.Bakhtin and his thesis on the carnivalization of literature. The poetics of the analyzed dystopian novel is based on the juxtaposition of carnival poetics. The article provides a comparative analysis of carnival and pseudo-carnival poetics.

Keywords: dystopia, carnival, pseudo-carnival, genre, carnival culture, worldview.

References

1. Hart E. Embodied Literature: A Cognitive-Poststructuralist Approach to Genre // Rivkin J., Ryan M. Literary Theory: An Anthology. Third Edition. – John Wiley&Sons, 2017. – R. 1265-1283.
2. Oruell D. 1984. – Almaty: Mazmündama, 2021. – 328 b.
3. Morris J.M., Kross A.L., eds. The A to Z of Utopianism // The A to Z Guide Series, № 36. – Lanham, Toronto, Plymouth: The Scarecrow Press, 2009.
4. Clarke B. Orwell and the Evolution of Utopian Writing // The road from George Orwell: his achievement and legacy / Alberto Lázaro (ed.). – Bern; Berlin; Bruxelles; Frankfurt am Main; New York; Oxford; Wien: Lang, 2001. – R. 225-250.
5. Marques E.M. Survival by Promise: Dystopian Fiction as Denouncer of the Capitalocene // Gragoatá, Niterói. – 2021. – Vol. 26. – № 54. – P. 620-641. DOI: <https://doi.org/10.22409/gragoata.v26i55.47601>
6. New Perspectives on Dystopian Fiction in Literature and Other Media / Edited by Saija Isomaa, Jyrki Korpua and Jouni Teittinen. – Cambridge Scholars Publishing, 2020.
7. Baimussina Z.B., Roziyeva D.S. Newspeak as a Tool of Totalitarianism in the Works of 1984 by G. Orwell and Day of the Oprichnik by V. Sorokin. – Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Philological Sciences. – 2022. – № 4 (67). – R. 283-293. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.67.4.021>
8. Qyzyrbekqyzy B. Aktuálnöst romana «1984» Jorja Oruella v sovremennom mire: Paraleli i otlichia. 31.03.2014 g. URL: <https://adebiportal.kz/ru/news/view/aktualnost-romana-1984-dzordza-oruella-v-sovremennom-mire-paraleli-i-otlicia> 25299
9. Bahtin M. Problemy poetiki Dostoevskogo. – M.: Eksmo, 1963. – 362 s.
10. Drabkina T.S. Terapevticheski karnaval. – Jurnal prakticheskoi psihologii i psihoanaliza. – 2004. – №1. <https://psyjournal.ru/articles/terapevticheskiy-karnaval>
11. İosif Dzäloşinski. Mediakarnaval v epohu globalizatsii. – MediaÄlmanah. – 2019. – № 3. – S. 18-28.
12. Lanin B.A., Borişanskaia M.M. Ruskaiä antiutopia HH veka. – M.: Onega, 1994. – 248 s.
13. Lamina A.T. Psevdokarnaval v romane-antiutopii i proizvedeniah ruskogo kiberpanka. – Mir nauki, kültury, obrazovania. – 2021. – № 1 (86). – S. 358-360.
14. Jameson F. Archaeologies of the Future. The Desire Called Utopia and Other Science Fictions. – London, New York: Verso, 2005. – 431 p.
15. McManus P. Dystopia and Class: The Strange Case of Dystopian Fiction // Routledge Companion to Literature and Class / Ed. Gloria McMillan. – New York: Routledge, 2021. – R. 381-395. URL: <https://cetapsrepository.letras.up.pt/id/cetaps/126924>
16. Abdelbaky A. A Perfect World or an Oppressive World: A Critical Study of Utopia and Dystopia as Subgenres of Science Fiction // International Journal of English Language, Literature and Humanities. – 2016. – Vol. IV. – Is. III. – R. 17-33

Авторлар туралы мәлімет:

Мұстопяова Айнаш Төкішқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қауымдастырылған профессоры, Қарағанды, Қазақстан.

Мұстопяова Айнаш Токушевна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Карагандинского национального исследовательского университета им. академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан.

Mustoyarova Ainash Tokushevna – candidate of Philological Sciences, associate professor, Academician E.A.Buketov Karagandy University, Karagandy, Kazakhstan.

Ибраимова Жеңісгүл Жалғасбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессор ассистенті, Қарағанды, Қазақстан.

Ибраимова Женисгуль Жалгасбаевна – кандидат филологических наук, ассистент профессора Карагандинского национального исследовательского университета им. академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан

Ibraimova Zhenisgul Zhalgasbaevna – candidate of Philological Sciences, assistant professor, Academician E.A.Buketov Karagandy University, Karagandy, Kazakhstan.

Жаманова Жанар Жексенбайқызы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан.

Жаманова Жанар Жексенбаевна – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель Карагандинского национального исследовательского университета им. академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан.

Zhamanova Zhanar Zheksenbaevna – Master of Humanities, Senior Lecturer, Academician E.A.Buketov Karagandy University, Karagandy, Kazakhstan.